

• **Тұрғындар назарына**

Қоғамдық тыңдау

Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Асу-Бұлақ орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Асу-Бұлақ орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің МОҚ аумағында 300,0 га орман екпелерін құру» жұмыс жобасының ҚОҚ бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды. Мекенжайы: Шығыс-Қазақстан облысы, Ұлаң ауданы, Асубұлақ кенті, Жаңа орман шаруашылығы көшесі, 32-үй, тел.: +77233878353.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында <https://ndbecology.gov.kz/> және Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru> танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында құжаттама жарияланған күннен 24.08.2026 ж. бастап 04.09.2026 ж. дейін (қоса алғанда) он жұмыс күні ішінде қабылданады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы – Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Асу-Бұлақ орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Мекенжайы: Шығыс-Қазақстан облысы, Ұлаң ауданы, Асубұлақ кенті, Жаңа орман шаруашылығы көшесі, 32-үй, тел.: +77233878353.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Қазгипроорманшар-KZ» ЖШС, Алматы қаласы, Баишева 23, тел.: +7 708 912 00 41.

Жоспарланып отырған қызмет бойынша қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында алуға, сондай-ақ тиісті құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: электрондық пошта – kazgiproles@mail.ru, тел.: +7 708 912 00 41. Қоғамдық тыңдауларды жария талқылау нысанында үйлестіруге жауапты жергілікті атқарушы орган – «Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, электрондық мекенжайы: priemnaya_upgrirpvko@akimvko.gov.kz, телефон: 87771393468.

Тамыз айынан бастап әкімдіктер көрсететін бірқатар мемлекеттік қолдау шаралары жасанды интеллект көмегімен тағайындала бастайды. Бұл туралы Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев мәлім етті.

Министрдің айтуынша, ведомство әлеуметтік-еңбек саласына цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын кезең-кезеңімен енгізіп жатыр. Негізгі мақсат — мемлекеттік қызметтерді азаматтар үшін барынша қолжетімді етіп, өтініш беру қағидатынан проактивті модельге көшу.

— Бұл модель аясында мемлекет азаматтың қолдауға мұқтаж екенін алдын ала анықтап, қажетті нәтижеге қол жеткізгенше сүйемелдейді, — деді Асқарбек Ертаев.

Осы бағыттағы негізгі жобалардың бірі — Әлеуметтік қорғау шараларының бірыңғай цифрлық платформасы. Жүйе әлеуметтік қолдау шараларын тағайындау, шешім қабылдау және төлем жүргізу процестерін біріктіреді.

— Бұрын азаматтар түрлі мемлекеттік органға жүгініп, қажетті анықтамалармен құжаттарды жинап, олардың тексерілуін күтуге мәжбүр болатын. Енді бір ғана өтініш беру жеткілікті. Қажетті мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде алынып, шешім қалыптасады және төлем жүзеге асырылады, — деп толықтырды министр.

Министрдің мәліметінше, биылғы маусымнан бастап платформа еліміздің барлық 20 өңірінде өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген. Қазір оның аясында жергілікті атқарушы органдар көрсететін 13 әлеуметтік қолдау шарасы цифрлық форматта ұсынылып отыр.

Олардың қатарында емделуге және сауықтыруға берілетін көмек, гемодиализ аппаратын пайда-

• **Вниманию жителей**

Общественные слушания

КГУ «Асу-Булакское лесное хозяйство» управления природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений раздела ООС к рабочему проекту «Создания лесных культур на территории ГЛФ Коммунального государственного учреждения «Асу-Булакское лесное хозяйство», на площади 300,0 га» по адресу: Восточно-Казахстанская область, Уланский район, п.Асубулак, Новый лесхоз, 32 тел.: +77233878353.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР - <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru> Все замечания и предложения принимаются в течении десяти рабочих дней с 24.08.2026 г. по 04.09.2026 г. включительно после опубликования документации на сайте НБД СОС и ПР. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор – КГУ «Асу-Булакское лесное хозяйство» управления природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области. Адрес: Восточно-Казахстанская область, Уланский район, п.Асубулак, Новый лесхоз, 32 тел.: +77233878353 Разработчик проектной документации: ТОО «Казгипролесхоз-KZ», г. Алматы, Баишева 23, тел.: +7 708 912 00 41.

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности при проведении публичных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, по электронной почте: kazgiproles@mail.ru, тел.: +7 708 912 00 41. Местный исполнительный орган, ответственный за координацию общественных слушаний в форме публичного обсуждения, – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области», электронный адрес: priemnaya_upgrirpvko@akimvko.gov.kz, телефон: 87771393468.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындауға ЖИ көмектеседі

ланатын I топтағы мүгедектігі бар азаматтарды қолдау, тірек-қимыл аппараты ауруларын емдеу, мүгедектігі бар балаларға көмек көрсету, созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар адамдарды қолдау, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, санаторийлік-курорттық емдеу, коммуналдық қызметтер ақысын төлеу, тұрғын үйді күтіп ұстау, телефон үшін абоненттік төлем, тұрмыстық қажеттіліктер, қатты отын сатып алу және ақшалай көмек беру шаралары бар.

Асқарбек Ертаевтың айтуынша, тамыз айынан бастап әкімдіктер көрсететін мерекелік және атаулы күндерге арналған біржолғы төлемдер жасанды интеллект көмегімен тағайындалады.

— Жүйе төлем алушыларды алдын ала анықтап, тағайындау жобасын қалыптастырады. Ал төлемді тағайындау жөніндегі түпкілікті шешімді жергілікті атқарушы орган қабылдайды, — деді министр.

Сондай-ақ қыркүйек айында азаматтарға eGov Mobile қосымшасы арқылы өтініш беру мүмкіндігі ұсынылады. Ал қазан айынан бастап мемлекеттік қолдау шараларын азаматтардың нақты қажеттігі мен мұқтаждық деңгейіне қарай нысаналы түрде тағайындау үшін ЖИ құралдарын енгізу жоспарланып отыр. Айта кетейік, бүгін Үкімет мүшелері жасанды интеллект негізіндегі мемлекеттік қызметтер экожүйесі бағытындағы жұмыстарды талқыға салады.

Қаулы

2026 жылғы 12 тамыз № 1
Қасым Қайсенов кенті

Ұлан ауданы Аблакет, Саратовка ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау жөніндегі сайлау округтерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес, Ұлан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аблакетка ауылдық округінің әкімін сайлауы бойынша Сағыр, Мамай батыр, Бестерек, Желдіөзек ауылдарының шекараларында сайлау округі құрылсын.

2. Саратовка ауылдық округінің әкімін сайлауы бойынша Саратовка, Ново-Одесское, Отрадное ауылдарының шекараларында сайлау округі құрылсын.

3. Сайлау округтерінің тізімдері, олардың шекаралары және Ұлан аудандық аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, «Ұлан айнасы» аудандық газетінде және Ұлан аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында жариялансын.

Төраға
Хатшы

А. КУМАРОВА
Ж. БАЛТАБАЕВА

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

12 августа 2026 год № 1
п. Касыма Кайсенова

Об образовании избирательных округов по выборам акимов Аблакетского, Саратовского сельских округов Уланского

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4 статьи 21, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Уланская районная территориальная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Образовать Аблакетский избирательный округ по выборам акима Аблакетского сельского округа: в границах села Сағыр, села Мамай батыр, села Бестерек, села Желдыозек.

2. Образовать Саратовский избирательный округ по выборам акима Саратовского сельского округа: в границах села Саратовка, села Ново-Одесское, села Отрадное.

3. Опубликовать список избирательных округов с указанием границ и местонахождение Уланской районной территориальной избирательной комиссии в районной газете «Ұлан айнасы» и на интернет-странице Уланской районной территориальной избирательной комиссии.

Председатель
Секретарь

А. КУМАРОВА
Ж. БАЛТАБАЕВА